

## Азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2006 жылғы 25 сәуірдегі N 647. Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы әділет басқармасында 2006 жылғы 4 мамырда N 13-1-39 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007 жылғы 22 ақпандағы N 227 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қалалық әкімдігінің 2007.02.22 N 227 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" N 2247 Заңының 20-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару туралы" N 148-ІІ Заңының 31-бабы 1-тармағындағы 14) тармақшасына сәйкес, Петропавл қалалық мәслихатының "2006 жылға арналған Петропавл қаласының бюджеті туралы" 2005 жылғы 15 желтоқсандағы кезекті 22 сессиясының N 2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 5 сәуірдегі кезектен тыс 25 сессиясының 1 шешімі негізінде, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі бекітілсін.

2. "Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (В.И. Мишнев) әлеуметтік көмектің тағайындалуын қамтамасыз етсін.

3. "Петропавл қаласының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Г.И. Дорофеева) қала бюджетімен бекітіліп бөлінген қаражат шегінде әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

4. Азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек 2006 жылғы 1 мамырдан 31 мамыр аралығында төленеді деп белгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Н. Құлжановаға жүктелсін.

*Қала әкімі*

## **Азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ЕРЕЖЕСІ**

Осы Азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережелері (бұдан әрі - Ережелер) азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібін айқындайды.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган (әрі қарай - уәкілетті орган) - «Петропавл қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) өтініш беруші - Ұлы Отан соғысына қатысушысының, мүгедегінің статусы бар азаматтар және оларға теңестірілген адамдар;
- 3) біржолғы әлеуметтік көмек - Азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларға бағытталған ақшалай төлемдердің бір түрі.

### **2. Өтініш жасау тәртібі**

2. Өтініш иесі тұрғылықты мекенжайы бойынша уәкілетті органға мынадай құжаттар тапсырады:

- 1) қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) осы санатқа жататынындығын растайтын құжат (түпнұсқасы және көшірмесі).

### **3. Біржолғы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібі**

3. Біржолғы әлеуметтік көмек Петропавл қаласында тұратын Ұлы Отан соғысына қатысушысының, мүгедегінің статусы бар азаматтарға және оларға теңестірілген адамдарға, уәкілетті органға берген өтініші бойынша тағайындалады және төленеді.

4. Әлеуметтік көмек біржолға, көмектің басқа да түрлеріне байланыссыз тағайындалады.

5. Әлеуметтік көмектің мөлшері материалдық қолдау көрсету бойынша қосымша шара ретінде 24 мың теңге сомасында белгіленеді.

6. Біржолғы әлеуметтік көмекті төлеу уәкілетті органның ұсынған ведомостері негізінде, алушылардың ашқан жеке шоттарына сомаларды аудару үшін, заңнамамен белгіленген тәртіппен келісім шарт жасалған екінші деңгейдегі банктер арқылы жүргізіледі.

А з а м а т т а р д ы ң  
санаттарына  
көмек көрсету Ережесіне қосымша  
**"Петропавл қамту бөлімі"** ММ бастығы В.И. Мишневке

б і р ж о л ғ ы  
қ а л а с ы н ы ң  
ә л е у м е т т і к  
ж әне  
ә л е у м е т т і к

ж е к е л е г е н  
ә л е у м е т т і к  
ж ұ м ы с п е н  
б а ғ д а р л а м а л а р

**Біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау туралы өтініш**

ТЕГІ \_\_\_\_\_  
АТЫ \_\_\_\_\_  
ӘКЕСІНІҢ АТЫ \_\_\_\_\_  
МЕКЕН-ЖАЙЫ \_\_\_\_\_  
ТЕЛЕФОН НӨМІРІ \_\_\_\_\_  
ТӨЛҚҰЖАТЫНЫҢ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ \_\_\_\_\_

БЕРІЛГЕН КҮНІ \_\_\_\_\_ КІМ БЕРГЕН \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ БАНКІНІҢ  
\_\_\_\_\_ ФИЛИАЛЫНДАҒЫ

ЖЕКЕ ШОТЫНЫҢ НӨМІРІ \_\_\_\_\_

Маған \_\_\_\_\_ (\_\_\_\_\_) теңге көлемінде  
біржолғы әлеуметтік көмек тағайындауыңызды сұраймын.

ӨТІНІШ БЕРГЕН КҮН \_\_\_\_\_ ӨТІНІШ ИЕСІНІҢ ҚОЛЫ \_\_\_\_\_

Өтініш беруші ұсынған құжаттардың шүбәміздігін растаймын.

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.) (қолы)